



МЕДИЦИНАЛЫҚ КАБИНЕТТЕ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРДІҢ ҚАУІПСІЗ МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАУЫ БОЙЫНША

Нұсқаулық медициналық кабинетке барған кезде балалардың жарақат алу жағдайларын болдырмау мақсатында әзірленді.

1. Медициналық кабинетке бараралдында қолды сабынмен жуу керек.
2. Медициналық кабинетке кіру және одан шығу тәрбиешінің немесе медицина қызметкерінің еріп жүруімен орындалуы керек.
3. Медициналық кабинетке есырт киіммен, бас киіммен және ауыстыратын аяқ киімсіз кіруге болмайды.
4. Медициналық кабинетке барудың себебі туралы медицина қызметкерін мұқият тыңдау керек.
5. Медицина қызметкерінің нұсқауларын орындау қажет.
6. Кушеткада ұқыпты және тыныш жату керек.
7. Егер медициналық кабинетте сынап термометрлері болса, оларды сындырып алмау үшін өте мұқият пайдалану керек.
8. Кабинетте шыныдан жасалған заттарды, медициналық құралдарды және дәрі-дәрмектерді ұстауға болмайды.
9. Дәрігердің тағайындауынсыз дәрі-дәрмекті ауызға алуға, қалтаға салуға болмайды.
10. Дәрі-дәрмектер мен шыны ыдыстағы сұйықтықтарды иіскеуге болмайды.
11. Егер шыны ыдыстар сынып қалса, сынықтарды ұстауға болмайды, оларды медицина қызметкері жинап алады.
12. Медициналық кабинеттегі электр құрылғыларын, сымдар мен розеткаларды ұстауға болмайды.
13. Тексеру, егу және басқа медициналық шаралар кезінде үрейленудің, айқайлаудың және ересектердің қолынан ұстаудың қажеті жоқ. Айқай-шу басқа балаларды қорқытып, медициналық шараны қиындатуы мүмкін.
14. Медициналық шаралар басталғанға дейін және аяқталғаннан кейін медицина қызметкеріне өзінің жағдайы туралы (бастың айналуы, ауырсыну, жүректің айнуы және т.б.) айту керек.

